

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫ
ХРОМТАУ АУДАНДЫҚ БІЛІМ
БӨЛІМІ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІНІҢ «№4 ХРОМТАУ ОРТА
МЕКТЕБІ КММ»
031100, Хромтау қаласы
Әуезов көшесі, 5
Тел/факс: 8(71336) 23-2-52
E-mail: kgu-hssh4@mail.ru



КГУ «ХРОМТАУСКАЯ СРЕДНЯЯ
ШКОЛА №4» ГУ
«ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
ХРОМТАУСКОГО РАЙОНА
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»
031100, город Хромтау
ул. Ауэзова, 5
Тел/факс: 8(71336) 23-2-52
E-mail: kgu-hssh4@mail.ru

БҰЙРЫҚ № 162-н/к

2024 жыл 30 тамыз

№4 Хромтау орта мектебі

2024/2025 оқу жылына арналған тамақтандыруды ұйымдастыру туралы

«Білім туралы» ҚР Заңының, ҚР Білім және ғылым министрінің 2018.31.10 № 598 бұйрығымен бекітілген Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларының

БҰЙЫРАМЫН:

1. Директордың ОТІ жөніндегі орынбасары А.К.Утешова, әлеуметтік педагог А.У.Утешова, бас бухгалтер Э.С.Шангереева 2024 жылғы 2 қыргүйектен бастап 1–11-ші сынып оқушыларын ыстық тамақтандыруды ұйымдастырсын.

Әлеуметтік қорғалмаған санаттан шыққан оқушыларды тегін және жеңілдікпен тамақтандыру бойынша мемлекеттік қызметтің сапалы көрсетілуін қамтамасыз ету.

2. Оқу жылының басында ата-аналар қоғамы мен мектеп әкімшілігі қатарынан бракераждық комиссия құрсын, ол дайын және шикі өнімнің сапасын бақылайды, асханада санитариялық-гигиеналық нормалардың сақталуын қадағалайды.

3. 2024/2025 оқу жылы мектеп бойынша тамақтандыруды ұйымдастыруға жауапты етіп тағайындалсын – әлеуметтік педагог А.У.Мустафина.

4. Медициналық жұмыскер Г.Кайепова мен тамақтануға жауапты тұлға оқушыларды тамақтандыру кестесін әзірлесін, оқу жылы бойы бекітілген апталық мәзір мен перспективалық мәзірі болсын, СанЕҚ талаптарына сәйкес бракераждық журналдарды, денсаулық журналдарын жүргізсін.

5. Директордың ӘШБ жөніндегі орынбасары А.Д.Какимова мен медициналық қызметкер ас блогындағы жабдықтың тізімін жасасын, санитариялық нормаларды қатаң сақтасын, жыл бойы мектеп бойынша су ішу режимін сақтасын, қажет кезде емдәмдік үстелді ұйымдастырсын.

6. Бағдарламалық қамтым маманы Н.Көнекбаева мектеп сайтында «Мектепте тамақтану» айдарын ашсын және мектепте тамақтануды ұйымдастыру бойынша ақпаратты, мәзірді, бракераждық комиссия құрамын және т. Б. Орналастыруды қамтамасыз етсін.

7. Әкімшілік пен педагогтардың асханадағы кезекшілік кестесін бекітсін.

8. Асхана меңгерушісінде сәйкес құжаттар мен тәуліктік сынамалар болуы тиіс, ас блогы мен ас ішу залында санитариялық нормаларды қатаң сақтасын.

9. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры:

А.Т.Ешкеева

Бұйрықпен таныстым:

Утешова А.У. *
Мустафина А.У.
Какимова А.Д.
Кайепова Г.